

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/GNFK3096>

***А. С. Зинедина¹, А. Ф. Зейнулина², К. А. Кусманова³**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5228-5499>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6990-468X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1993-9128>

*e-mail: aierke96@gmail.com

«ГҮЛІСТАН БИТ ТҮРКІ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ СИТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада шағатай тілінде жазылған «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіне синтаксистік талдау жасалады. Зерттеу сөз тәртібі, инверсия, жай сөйлемнің құрылымы сияқты мәтіннің синтаксистік ерекшеліктерін анықтауға және жүйелеуге бағытталған. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігін зерттеу тарихи мәнінде сақталған элементтерді, синтаксистік құрылымдардың эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті қазіргі қазақ тілінің синтаксистік құрылымының, оның ішінде поэтикалық синтаксистің тарихи сипатын анықтау үшін ерте, орта ғасырдағы ескі қазақ тілінің сөз, сөйлем түзілімін зерттеу маңызды.

Зерттеудің мақсаты – «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі жай сөйлемдерге синтаксистік талдау жүргізу. Сонымен қатар жазба мәтіндегі стилистикалық және грамматикалық ерекшеліктерді анықтау арқылы шағатай тіліндегі синтаксистік модельдердің күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсету. Жай сөйлемнің түрлері мен сөйлем құрамындағы тілдік бірліктердің байланысу амалдары қарастырылады. Нәтижесінде, сол кезеңдегі әдеби тілге тән негізгі синтаксистік құрылымдар анықталды және олардың мәтіндегі функционалды рөлдері талқыланды. Аталған мақсатқа жету

үшін тарихи-салыстырмалы, синтаксистік талдау, компоненттік талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері тілтанушы, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, түркітанушы т.б. гуманитарлық сала мамандарына қосымша құрал бола алады.

Кілтті сөздер: шағатай тілі, тарихи синтаксис, синтаксистік модель, Гүлістан бит Түркі, жсай сөйлем, сөйлем синтаксисі.

Кіріспе

Шағатай тілінің синтаксистік ерекшеліктерін зерттеу, әсіресе, «Гүлістан бит Түркі» сияқты маңызды әдебиет ескерткішінің мысалында түркі тілдерінің тарихы мен эволюциясын талдау қазіргі қазақ тілінің синтаксистік түзілімінің тарихи дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Орталық Азияда бірнеше ғасыр бойы әдеби, ресми, қарым-қатынас тілі ретінде қызмет еткен шағатай тілі қазіргі қазақ тілінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Сол себепті шағатай тіліндегі мәтіндердің синтаксистік түзілімін талдау тілімізде сақталған не өзгерген сөйлем құрылымдарының заңдылықтарын анықтауға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, тілдегі динамикалық өзгерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Гүлістан бит Түркі» – XV ғасырда шағатай тілінде жазылған Сағдидің әйгілі «Гүлістан» шығармасының түркі тіліндегі нұсқасы, әдеби ескерткіш. Бұл мәтін шағатай әдебиетінің маңызды үлгілерінің бірі болып саналады және парсы дәстүрінің әсерін, түркі поэзиясының өзіндік элементтерін, мәдениетаралық коммуникацияны да көрсетеді. Шығарма әдеби стильді ғана емес, сол кездегі тілдік ерекшеліктерді де зерттеудің құнды көзі болып есептеледі. Сонымен қатар «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші – жай аударма емес, сол тұстағы шағатай тілінің ерекшелігін, түркі тілдерінің сипатын анық көрсететін, түркіше ойлаудың үлгісін айқындайтын жәдігер.

Шағатай тілін және оның синтаксистік ерекшеліктерін зерттеу мәселелері көптеген ғалымдардың, соның ішінде А. Кононов, В. Бартольд және Э. Наджиптің еңбектерінде көтерілді. Олар шағатай тілін түркі тілдерінің дамуындағы негізгі элемент ретінде қарастырды. Шағатай мәтіндерінің синтаксисін зерттеу (соның ішінде «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші) түркі тілдерінің синтаксистік құрылымының күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсетеді. Алайда шағатай тілінің жалпы сипаттамаларына арналған зерттеу қорының толыққандылығына қарамастан, нақты мәтіндерді талдауға негізделген синтаксистік зерттеулер жеткілікті дей алмаймыз. Әсіресе, қазақ тіл білімінде тарихи синтаксис мәселесі кенжелеп тұр. Ерте, орта ғасырдағы қазақ тілінің синтаксистік құрылымын жазба мәтіндері негізінде талдайтын көлемді зерттеу еңбектері де аз. Сондықтан «Гүлістан бит Түркі» мәтінінің синтаксисін зерттеудің өзектілігі жоғары деп есептейміз. Бұл зерттеу шағатай

тілінің де, қазіргі қазақ тілінің де өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шағатай тілінің синтаксисін талдап қана қоймай, оның түркі филологиясының тарихындағы орнын анықтауға да үлес қосады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалы – шағатай әдебиеті ескерткіші, «Гүлістан бит Түркі» мәтіні. Нақтырақ айтсақ, осы зерттеу жұмысында 1978 жылы Ә. Қараманоғлының әзірлеуімен Ыстамбұлда басылған (2020 жылы Анкара қаласында қайта басылды) «Gulistan tercumesi» мәтіні пайдаланылды. «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші орта ғасырдағы түркі тілдерінің сипатын танытып қана қоймай, қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де ерекшелігін, даму эволюциясын көрсететін маңызды жәдігер болғандықтан, жеке зерттеу нысанына алынды. Зерттеу барысында *мәтіндік талдау, тарихи-салыстырмалы талдау, мәнмәтіндік талдау, функционалдық талдау, синтаксистік талдау, компоненттік талдау, модельдеу* әдістері қолданылды. Аталған лингвистикалық зерттеу әдістері зерттеу мақсатымызға сай «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігін сипаттауға, синтаксистік модельдерді айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Шағатай тілі бірнеше ғасыр бойы түркі тілдері үшін әдеби тіл мен әкімшілік коммуникацияның негізі бола отырып, көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Шағатай тілінің синтаксисі туралы негізгі зерттеулер оның грамматикалық құрылымдарына, сөздердің ретіне, шағатай тілінің қазіргі түркі тілдеріне әсеріне бағытталған. Шағатай тіліне қатысты маңызды зерттеулерінің бірі саналатын А. Н. Кононов өзінің түркі тілдерінің грамматикасына қатысты еңбегінде шағатай тілінің синтаксистік ерекшеліктері, оның ішінде сөйлем түрлері, бағыныңқы сөйлемдердің құрылымы мен грамматикалық формалардың қолданылуын жан-жақты сипаттайды. Ол шағатай тіліне тән сөз тәртібіне («SOV» - субъект-объект-етістік) назар аударады және осы кезеңдегі әдеби шығармаларға тән құрмалас сөйлемдерді талдайды [1, 203-6]. Ал В. В. Бартольд өз зерттеуінде шағатай тілін түркі тілдерінің дамуындағы негізгі кезең ретінде қарастырады. Ол шағатай тіліне тән синтаксистік құрылымдарды, соның ішінде сөйлемдерді байланыстыруға қызмет ететін қосымша морфемалардың қолданылу сипатын және олардың кейінгі түркі тілдеріндегі эволюциясын сипаттайды [2, 73-6]. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің тілдік табиғатын зерттеген Э. Р. Наджип шағатай мәтіндерінің синтаксисін талдай отырып, етістіктердің шағатай тілінде қолдану ерекшеліктерін қарастырады, олардың құрмалас сөйлемдерді құрудағы және модальдік мағыналарды білдірудегі рөлін атап көрсетеді. Сонымен қатар ғалым «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің мәтіні негізінде парсы синтаксисінің шағатай тіліндегі сөйлем құрылымына,

әсіресе, әдеби шығармаларға әсеріне назар аударады [3, 67-6]. Шағатай тілі синтаксисі түркітануда салыстырмалы зерттеу жұмыстарының да нысанына айналды. «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» еңбегінде шағатай синтаксисінің сөз тәртібі мен құрмалас сөйлемдердің құрылымындағы негізгі элементтерді сақтай отырып, түркі тілдерінде қалай дамығаны көрсетілген [4, 46-6].

«Гүлістан бит Түркі» ескерткішін алғашқылардың бірі болып Е. Бертельс зерттей бастады. Е. Бертельс өзінің «История персидско-таджикской литературы» еңбегінде шығарманың әдеби құндылығын және оның шағатай әдеби дәстүріндегі орнын талдайды. Ол «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі шағатай тіліне тән синтаксистік құрылымдардың тіл байлығын айқындайтынын жеткізеді. Е. Бертельс: «Гүлістан бит Түркі» шағатай тілінің синтаксистік құрылымдарының байлығын, соның ішінде құрмалас сөйлемдер мен инверсиялардың мол мысалын көрсететін шығарма», – деп жазба ескерткішіндегі құрмалас сөйлемдер мен инверсиялардың көптігін айтады [5, 81-6]. К. Мусаев өз зерттеуінде «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшеліктеріне ерекше назар аударады. Зерттеуші осы шығармадағы құрмалас сөйлемдерді талдайды және оларды басқа шағатай мәтіндерінің синтаксисімен салыстыра отырып, «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік құрылымының күрделі екендігін айтады [6, 41-6]. З. Тоған «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші негізінде парсы синтаксисінің шағатай тіліне әсерін анықтай отырып, мәтіндік талдау жасайды. Ғалым бұл әсердің құрмалас сөйлемдердің құрылымында және сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалатын қосымша морфемалардың қолданысында байқалатынын айтады. Б. Сұлтан өзінің зерттеу еңбегінде белгілі түркітанушы З. Тоғанның «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік түзіліміне қатысты мына бір пікірін келтіреді: «Парсы тілінің «Гүлістан бит Түркі» мәтінін синтаксисіне әсері құрмалас сөйлемдерде анық байқалады. Әсіресе, жай сөйлемдерді байланыстыру мақсатында жұмсалған грамматикалық құрылымдар арасында парсы синтаксисінің ықпалы көрініс табады» [7, 116-6]. Ғалымның бұл пікірінен түпнұсқа тілдегі ойдың күрделілігі аударма тіл де құрмалас сөйлемдер туындатып, күрделі ойды жеткізудің жаңа формаларын қалыптастыратынын байқауға болады.

Түркітануда «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік сипаты көлемді зерттеу еңбектердің жеке нысаны болмағанымен, шағатай тілі синтаксисін зерттеу барысында талданып отырады. Мысалы, Ф. Көпрүлү шағатай синтаксисін зерттеу барысында «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің тіліне тоқтала отырып, мұндағы күрделі синтаксистік құрылымдардың әдеби шығарманың поэтикалық қуатын аттыруға қызмет ететіндігін айтады [8, 78-6]. М. Берберджан «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі

сөйлем предикаттарының сөйлем құрылымына ықпалының зор екенін сөз етеді [9, 147-6]. Кез келген сөйлем «субъект» және «предикаттан» тұратынын ескере отырып, қазіргі қазақ тілінде де сөйлем құрау үшін предикаттың маңыздылығы жоғары деп айтуға болады. Мұндай ерекшелік «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде де кездеседі. Демек сөйлемдегі предикат рөлінің маңыздылығы – шағатай тілінен (одан бұрын да) бері келе жатқан қазіргі қазақ тілінде өз жалғасын тапқан, түркі тілдеріне тән синтаксистік ерекшелік. К. Ераслан «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтакстік құрылымын талдай отырып, шағатай тілінің аудармада қаншалықты икемді бола алатындығын көрсетеді. Түпнұсқадағы ойды жеткізу үшін түрлі синтаксистік түрлендірулер мен құбылыстар жасауға шағатай тілінің мүмкіншілігінің мол екендігін де баса көрсетіп өтеді [10, 87-6].

«Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтакстік сипаты қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесімен ыңғайлас келеді. Бұл тарихи жәдігерде жай сөйлемдер де, құрмалас сөйлемдер де молынан қолданылған. Десе де біз осы зерттеу жұмысымызда «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде кездесетін жай сөйлемдердің синтаксистік ерекшелігіне тоқталамыз. Өйткені жай сөйлемдер аталмыш шығарманың негізі саналады. Мұндай сөйлемдер өзінің айқындылығымен және нақтылығымен сипатталады. Шағатай тіліндегі «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі жай сөйлемдер көбіне «субъект-объект-предикат» (SOV) қағидаты бойынша құрылады. Мұнда субъект (субъект) әдетте толықтауыштың (объектінің) алдында тұрады, ал сөйлемнің соңында предикат (етістік) келеді. Бұл түркі тілдеріне (соның ішінде қазақ тіліне) тән құрылым бола отырып, нақты, логикалық ұйымдасқан мәлімдемелер жасау үшін қолданылады. Біз қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем ерекшелігіне сәйкес «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі шағатай тілінің жай сөйлем синтаксисін сәйкестендіре отырып талдаймыз. Төмендегі кестеде жай сөйлемдердің ерекшелігі мен моделін нақты мысалдар негізінде ұсынамыз.

Кесте 1 – «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі жай сөйлемдердің синтаксистік сипаты

№	Сөйлем	Аудармасы	Сөйлем түрі	Сөз тәртібі	Синтаксистік ерекшелігі	Синтаксистік моделі
1	<i>bülbül-i ma c ni</i> <i>gulistam durur</i> [11, 31-6].	Бүлбүл – менің гүлзарым/ Бүлбүл менің гүлзарым болып саналады.	Жайылма, толымды, жақты, хабарлы сөйлем.	Мұнда сөздердің орын тәртібі сақталған. Инверсия байқалмайды.	Жай сөйлем құрамындағы сөздерді байланыстыру үшін шағатай тіліне тән грамматикалық формалар қолданылған: «i», «c ni».	«Субъект – атрибут – предикат» немесе «Бастауыш – анықтауыш – баяндауыш».
<ul style="list-style-type: none"> • «<i>Bülbül-i</i>» (<i>бүлбүл</i>) – зат есім, бастауыш қызметін атқаратын субъект. • «-<i>İ</i>» қосымшасы шағатай тіліне тән сенімділікті білдіретін грамматикалық форма саналады. • «<i>Ma</i>» (<i>мен үшін, менің</i>) – бірінші жақтағы жіктеу есімдігі, анықтауыш қызметіндегі атрибут. Бұл грамматикалық форма субъектінің тиесілілігін, меншіктеуді білдіреді. • «<i>C ni</i>» грамматикалық формасы – шағатай тілінің ерекшелігін көрсететін, сөздерді байланыстыруға қатысатын қосымша. • «<i>Gulistam</i>» (<i>бақ, гүлзар</i>) – тәуелдік жалғаудың бірінші жағындағы зат есім, номинативті мәні бар предикат. • «<i>Durur</i>» (<i>бар, болып табылады, тұрар</i>) лексемасы – сөйлем құрылымын аяқтайтын субъект пен предикатты байланыстыратын сөйлем мүшесі. Бұл предикаттық мәндегі грамматикалық форма шағатай тіліне, өзге түркі тілдеріне ортақ форма болып саналады. 						
2	<i>terbiyet-durur suretinde yavuzluk c alamei yok</i> [11, 45-6].	Тәрбиелік тұрғыда (формасында) зұлымдықтың белгісі жоқ.	Жайылма, толымды, жақты, хабарлы сөйлем.	Мұнда сөздердің орын тәртібі сақталған. Инверсия байқалмайды.	Сөйлемде шағатай тіліне тән « <i>ing</i> » және « <i>c</i> » сияқты грамматикалық формалар мен қосымша морфемалар қолданылады. Бұл грамматикалық формалар сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қызмет етеді. Осылайша, бұл формалар сөздер байланысындағы шағатай тілінің синтаксистік ерекшелігін айқындайды.	Объект – атрибут – субъект – предикат немесе «Толықтауыш – анықтауыш – бастауыш – баяндауыш»

						<ul style="list-style-type: none"> • <i>terbiyet-durur</i> (тәрбие, тәрбиелік; тұр, болып табылады (бұл мәнәтінде «аспектінде», «тұрғыда» мағынасында қолданылған) – сын есім мен етістіктің қосарлануынан жасалған күрделі толықтауыш • <i>suretinde</i> (түрінде, образында, тұрғыда) – зат есім, толықтауыш қызметінде. • <i>yavuzluk</i> (зұлымдық, қатігездік, жауыздық) – зат есім. «С» шағатай тіліне тән жалғаулық шылауымен байланыса отырып анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. • <i>alameti</i> (белгісі, нышаны) – тәуелдік жалғаудың үшінші жағындағы зат есім, бастауыш қызметін атқарып тұр. • <i>yok</i> (жоқ) – модаль сөз, баяндауыш қызметінде тұр.
3	<i>bu kiin sundi miiferrih giil gibi kil</i> [11, 73-6].	Бұл қиындықты қуанышты іс сияқты етіп жаса.	Жайылма, жақты, толымды, күрделенген жай сөйлем.	«Sundi» етістігі сөйлем соңындағы позициясын ортасына ауыстырған.	«Kibi» (сияқты, секілді) модаль мәнді сөзі арқылы жай сөйлемнің мазмұндық, құрылымдық бөлігі күрделеніп тұр. Екі іс-әрекетті білдіретін предикаттың жұмсалыуына қарамастан, қазіргі синтаксис қағидаларымен сәйкестендірсек, бұл сөйлем жай сөйлемге жатады. «Sundi» негізгі етістік болса, «kil» етістігі көмекшілік мәнінде жұмсалып, поэзиялық туындының ырғағына байланысты бір-бірінен алшақ позицияда байланысып тұр.	«Атрибут – объект – предикат – атрибут – объект – предикат» немесе «Анықтауыш – баяндауыш жарты бөлігі – анықтауыш – пысықтауыш – баяндауыштың сөйлемді аяқтаушы бөлігі»

- *bu* (бұл) – сілтеу есімдігі, анықтауыш қызметінде жұмсалған.
- *kiin* (қиындық) – зат есім, түбір күйінде толықтауыш қызметін аткарып тұр.
- *sundi* (орында, жүзеге асыр) – негізгі етістік, сөйлем ортасында келіп баяндауыш қызметін аткарып тұр.
- *miiferrih* (қуанышты, көңілді) – сын есім, анықтауыш қызметінде жұмсалған.
- *giil* (іс, жұмыс) – зат есім, өзінен кейінгі модаль сөзбен байланыса отырып, пысықтауыш қызметінде жұмсалған.
- *kibi* (сияқты) – модаль сөз, зат есіммен байланысып келіп, пысықтауыш қызметін аткарып тұр. Бұл модаль сөздің дыбыстық нұсқалары қазіргі түркі тілдерінде де осы мағынасында қолданылады.
- *kil* (жаса) – көмекші етістік. Сөйлем ортасындағы негізгі етістікпен алшақ позицияда байланыса отырып күрделі баяндауыш қызметінде жұмсалған.

Бірінші мысалда «*Biilbiil-i ma c ni gulistam durur*» конструкциясы ұсынылған. Шағатай тілі үшін сөз тәртібі дәстүрлі түрде сақталатыны анықталды, инверсия байқалмайды. Шағатай тіліне тән «i» және «c» «ni» сияқты грамматикалық формаларды қолдану шығарманың синтаксистік ерекшелігі болып саналады. Негізгі синтаксистік модель «субъект – атрибут – предикат» формасына сәйкес келеді.

Екінші мысалда «*Terbiyet-durur suretinde yavuzluk c alameti yok*» сөйлемі талданады. Бұл сөйлемдегі синтаксистік құрылымдардың ерекшелігі – «dur» және «c» грамматикалық формаларының қолданысында. Сөйлемнің синтаксистік құрылымының моделі: «объект – атрибут – субъект – предикат» формасына сәйкес келеді.

Үшінші мысалға «*Bu kiin sundi miiferrih giil kibi kil*» сөйлемі алынды. Бұл сөйлемде «*sundi*» етістігі сөйлемнің соңынан ортасына қарай орын ауыстырып және модаль мәнді бірліктің қолданылуы негізінде күрделенген жай сөйлем түрін туындатады. Талдау көрсеткендей, мұндай құрылым «*kibi*» модаль сөзін қолдану арқылы сөйлем синтаксисін қиындатады, нәтижесінде күрделі семантикалық құрылым пайда болады. Бұл сөйлемнің синтаксистік моделі: «атрибут – объект – предикат – атрибут – объект – предикат».

Мысалға алынған сөйлемдер шағатай тіліне тән SOV стандартты құрылымына сәйкес келеді және субъект, предикат, толықтауыш, пысықтауыш сияқты негізгі элементтерді қамтиды. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде қолданылған жай сөйлемдерінің ерекшелігі – грамматикалық формалардың, соның ішінде етістікке жалғанатын жұрнақтардың кеңінен қолданылуында. Шағатай тіліндегі жұрнақтар әр түрлі функцияларды орындайды. Мысалы, мезгілді, қарсылықты немесе сұрауды білдіреді. Жай сөйлемдердегі етістікке жалғанатын жұрнақтар көбіне шақты жеткізу үшін қолданылады. Мәтінде тек

бір негізгі грамматикалық мағынаны білдіретін бір компонентті сөйлемдер де кездеседі.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысы шағатай тілінде жазылған «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшеліктерін, оның ішінде жай сөйлем синтаксисін талдауға бағытталған. Мәтіннің синтаксистік құрылымдары мен грамматикалық формаларын талдау арқылы біз шағатай тілінің күрделі және алуан түрлі синтаксистік модельдерін анықтадық. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесімен тығыз байланысты бола отырып, ол тарихи даму кезеңдерін айқындауға мүмкіндік береді. Шағатай тілінің синтаксисін зерттеу қазақ тілінің қалыптасуындағы тарихи үрдістерді түсінуге септігін тигізеді. Аталған ескерткіштің синтаксистік құрылымы мен сөз тәртібі қазақ тіліне тән ерекшеліктерді анық көрсетеді, бұл тілдің синтаксистік заңдылықтарының сақталуы мен эволюциясын түсінуге жол ашады.

Зерттеу барысында қолданылған тарихи-салыстырмалы, мәнмәтіндік және функционалдық талдау әдістері арқылы «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Бұл зерттеу нәтижелері шағатай тілінің синтаксистік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге және оның қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Дордин, Н. А.** Н. Кононов и алтаистика // Новая наука, 2022. – С. 201–204.

2 **Бартольд, В. В.** Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Москва : Юрайт, 2023. – 154 с.

3 **Идельбаев М.** О средневековом общетюркском памятнике «Гулистан бит-тюрки» Саифа Сарая // Түркология. Әдебиеттану және фольклор, 2017. – Б. 7–79.

4 **Кормушин, И.** О взглядах Э. Тенишева на историю древних литературных языков // Российская тюркология, 2021. – С. 44–49.

5 **Эшонова М. Е.** Бертелс исследователь суфийской литературы // Endless light in science, 2022. – С. 79–83.

6. **Тенишев, Э.** История письменных тюркских литературных языков донациональной поры // Российская тюркология, 2021. – С. 30–43.
- 7 **Sultan, B.** *Çağatay türkçesinde söz dizimi*. – Ordu, 2019. – 140 s.
- 8 **Karahan, L.** *Türkçede Söz Dizimi*. – Ankara : Akçağ Yayınları, 2011. – 336 s.
- 9 **Berbercan, M.** *Çağatayca Gülistan Tercümesi (Gramer-Metin-Dizin)*. – İstanbul : İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Doktora Tezi, 2011. – 412 s.
- 10 **Eraslan, K.** *Alî Şîr Nevâyî Mecâlisü'n-Nefâyîs (Giriş-Metin-Çeviri-Notlar)*. – Ankara : Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 288 s.
- 11 **Karamanlioğlu, A.** *Seyf-i Sarâyî. Gülistan Tercümesi (Kitâb Gülistan bi't- Türkî)*. – Ankara, 2020. – 554 s.

References

- 1 **Dordin, N. A. N.** *Kononov i altaistika [A. N. Kononov and Altaic Studies] // Novaya nauka [New Science], 2022. – pp. 201–204.*
- 2 **Bartold, V. V.** *Tyurki. Dvenadtsat' lektsii po istorii turetskikh narodov Sredney Azii [The Turks : Twelve Lectures on the History of Turkish Peoples of Central Asia]*. – Moscow : Yurayt, 2023. – 154 p.
- 3 **Idelbaev, M.** *O srednevekovom obschetyurkskom pamyatnike 'Gulistan bit-tyurki' Saifa Sarai [On the Medieval Common Turkic Monument «Gulistan bit-Turki» by Saif Sarai] // Tyrkologiya. Ödebiattan u zhaáne folk'lor [Turkology. Literary Studies and Folklore], 2017. – pp. 72–79.*
- 4 **Kormushin, I.** *O vzglyadakh E. Tenisheva na istoriyu drevnykh literaturnykh yazykov [On the Views of E. Tenishev on the History of Ancient Literary Languages] // Rossiyskaya tyurkologiya, 2021. – S. 44–49.*
- 5 **Eshonova, M. E.** *Bertels issledovatel' sufiiskoi literatury [Bertels as a Researcher of Sufi Literature] // Endless light in science, 2022. – pp. 79–83.*
- 6 **Tenishev, E.** *Istoriya pis'mennykh tyurkskikh literaturnykh yazykov donatsional'noy pory [The History of Written Turkic Literary Languages in the Pre-national Era] // Rossiyskaya tyurkologiya, 2021. – S. 30–43.*
- 7 **Sultan, B.** *Çağatay türkçesinde söz dizimi [Syntax in Chagatai Turkish]*. – Ordu, 2019. – 140 p.
- 8 **Karahan, L.** *Türkçede Söz Dizimi [Syntax in Turkish]*. – Ankara : Akçağ Yayınları, 2011. – 336 p.
- 9 **Berbercan, M.** *Çağatayca Gülistan Tercümesi (Gramer-Metin-Dizin) [Translation of the Chagatai «Gulistan» (Grammar-Text-Index)]*. – İstanbul : İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Doktora Tezi, 2011. – 412 p.

10 **Eraslan, K.** *Alî Şîr Nevâyî Mecâlisü'n-Nefâyîs (Giriş-Metin-Çeviri-Notlar)* [Ali Shir Nava'i's Majalis un-Nafais (Introduction-Text-Translation-Notes)]. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 288 p.

11 **Karamanlioğlu, A.** *Seyf-i Sarâyî. Gülistan Tercümesi (Kitâb Gülistan bi'ÿ-Türki)* [Seyfi Sarayi's «Gulistan» Translation (Book of Gulistan in Turkish)]. – Ankara, 2020. – 554 p.

02.02.24 ж. баспаға түсті.

27.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. С. Зинедина¹, А. Ф. Зейнулина², К. А. Кусманова³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

²Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Поступило в редакцию 02.02.24.

Поступило с исправлениями 27.07.24.

Принято в печать 25.11.24.

СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПАМЯТНИКА «ГУЛИСТАН БИТ ТЮРКИ»

В данной статье будет проведен синтаксический анализ памятника «Гулистан бит түрки», написанного на чагатайском языке. Исследование направлено на выявление и систематизацию синтаксических особенностей текста, таких как порядок слов, инверсия, структура простого предложения. Изучение синтаксической специфики памятника «Гулистан бит түрки» позволяет выявить элементы, сохраненные в историческом контексте, эволюцию синтаксических структур. Поэтому для определения исторического характера синтаксической структуры современного казахского языка, в том числе поэтического синтаксиса, важно изучить словообразование древне-казахского языка.

Цель исследования – проведение синтаксического анализа простых предложений на памятнике «Гулистан бит түрки». А также показать сложность и разнообразие синтаксических моделей в чагатайском языке

путем выявления стилистических и грамматических особенностей в письменном тексте. Рассматриваются типы простых предложений и способы общения языковых единиц в предложении. В результате были выявлены основные синтаксические структуры, характерные для литературного языка того периода, и обсуждена их функциональная роль в тексте. Для достижения указанной цели были использованы методы историко-сравнительного, синтаксического анализа, компонентного анализа. Результаты исследовательской работы могут стать дополнительным инструментом для специалистов гуманитарной сферы-лингвистов, литературоведов, культурологов, тюркологов и др.

Ключевые слова: чагатайский язык, исторический синтаксис, синтаксическая модель, Гулистан бит Тюрки, простое предложение, синтаксис предложения.

*A. S. Zinedina¹, A. F. Zeynulina², K. A. Kusmanova³

¹L. N. Gumilyov Eurasian

National University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

²Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³S. Amanzholov East –

Kazakhstan University,

Republic of Kazakhstan, Oskemen.

Received 02.02.24.

Received in revised form 27.07.24.

Accepted for publication 25.11.24.

SYNTACTIC FEATURES OF THE «GULISTAN BIT TURKI» MONUMENT

This article will provide a syntactic analysis of the monument «Gulistan bit Turki», written in the Chagatai language. The research is aimed at identifying and systematizing syntactic features of the text, such as word order, inversion, and the structure of a simple sentence. The study of the syntactic specifics of the monument «Gulistan bit Turki» allows us to identify the elements preserved in the historical context, the evolution of syntactic structures. Therefore, to determine the historical character of the syntactic structure of the modern Kazakh language, including poetic syntax, it is important to study the word formation of the ancient Kazakh language.

The purpose of the study is to conduct a syntactic analysis of simple sentences on the monument «Gulistan bit Turki». And also to show the complexity and diversity of syntactic models in the Chagatai language by identifying stylistic and grammatical

features in the written text. The types of simple sentences and ways of communication of linguistic units in a sentence are considered. As a result, the main syntactic structures characteristic of the literary language of that period were identified and their functional role in the text was discussed. To achieve this goal, methods of historical comparative, syntactic analysis, and component analysis were used. The results of the research work can become an additional tool for specialists in the humanitarian field-linguists, literary critics, cultural scientists, Turkologists, etc.

Keywords: Chagatai language, historical syntax, syntactic model, Gulistan bit Turks, simple sentence, sentence syntax.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz